

4.Төртінші жол төрт сөзден тұратын мағыналы сөйлем.

5.Соңғы жол синоним болуы керек. Жасалу жолы.

Тақырып. (Зат есім) Көлдер. Суреттеу (екі сын есім) Ғажап. Тамаша. Қимыл (үш етістік) Аялайды. Қорғайды. Сақтайды. Сезіну (төрт сөзден сөйлем). Көлдер – біздің асыл қазынамыз. Синоним. Көл. Дария.

5. Ой толғаныс «Су-табиғат байлығы» тірек-сызба бойынша мәтін құрастыру.

Әр топ өз құрастырған мәтінін ортаға салады.

Сабақты қорытындылау:

Семантикалық карта:

- Ал енді, балалар, осы семантикалық картаны жазып толтырыңдар. Бірінші:

Нені білдім? Бүгінгі сабақта қандай білім алдыңдар, немен таныстыңдар, екінші – Нені білгім келеді?

Үйге тапсырма: Көлдер туралы сөзжұмбақ жасау және мақал- мәтелдерді, тыйым сөздерді жаттап келу.

Бағалау: Ал енді, балалар, білімдерінді бағалаймын. Сабақ аяқталды, сау болыңдар!

Пайданылған әдебиеттер:

- 1 Артыкова Т. 8-сынып оқулығы. – Алматы: Атамұра, 2012.
- 2 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. – М.: Народное образование, 1998.
- 3 Адамбаева Ж. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. – Алматы, 993.
- 4 Аманбаева М.А. Қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды пайдалану. –Алматы, 2000.

Ануар Сымбат

Филология факультетінің 1-курс магистранты
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
bota_021@mail.ru

Ғылыми жетекшісі:

*ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Е.Е.Түйме*

ТІЛДІК НОРМА ЖӘНЕ ӘДЕБИ ТІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тілдің жүйелілік қасиеті оның құрылымына, заңдылықтары мен ережелеріне қатаң сүйенеді. Ол бірден қалыптаса салмайды, уақыт елегінен, сүзгіден өтіп, жалпыхалықтық сипат алудан пайда болады. Тілдегі бірізділікті, белгілі бір тәртіпке бағынуды тілдік норма дейміз. М.Балақасевтың пікірін басшылыққа алатын болсақ, тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, олар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Ол тәртіпті орнататын да, оның иінін қандыратын да әдеби тіл. Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылысы – бәрі қалыптасқан заңды ерекшеліктерге негізделеді. Халық тілінің сан қабат байлығы басы бір жерге қосылмайтын бытыраңқы құбылыс емес. Олардың бәрінде әдеби тілге негіз боларлықтай заңдылықтар бар. Қазақ әдеби тілі халық тілінен өзіне керегін таңдап-талғап, сұрыптап алып, оларды жалпы жұртқа ортақ етіп, халықтың тіл мәдениеті дәрежесі жоғары болу үшін оларды бірізге түсіреді [1]. Мысалы, кез келген қоғамдағы жаңа құбылыс, жаңа құрылыс, жаңа қарым-қатынас жаңа ұғымдарды туғызатыны белгілі. Бұл жаңа ұғымдарды белгілеу үшін жаңа атаулар қажет. XX ғасырдың басында ресми іс-қағаздары лексикасының құрамы жаңа ұғым, қолданыстарды белгілеу үшін жаңа атаулармен, жаңа терминдік тіркестермен толыға бастады. Олар ана тіліміздің байырғы сөздері негізінде жасалып,

жалпыхалықтық қолданысқа енді: *бұйрық, заң, қаулы, қарар, нұсқау, іс жүргізу, жиналыс, келісім, құлақтандыру, хабарландыру, шешім, шығыс, есеп, кіріс, мекеме, арыз* т.б. Сонда әдеби тіл деп норманы қалыптастыратын, жалпыға ортақ, нормаланған, өңделген, сұрыпталған, стильдік тармақтары сараланған тілді айтамыз.

Тіл нормалары – белгілі бір лингвистік ұғымның тіл дербестігін айқындаушы барлық сөйленіс тәжірибелері мен дағдыларының, ерекшелік белгілерінің жиынтығы. Табиғи болмысы тұрақтылыққа, бір қалыпты орнықтылыққа негізделеді. Өйткені, бұның өзі әлеуметтік құбылыс болып табылатын тілдің әрі жасаушысы, әрі тұтынушысы – адамзат қоғамының үздіксіз өзгеріп, өсіп дамып отыру заңдылығымен тікелей байланысты. Тіл нормаларының осы біршама икемшілдігі нәтижесінде сөйленіс машықтарының қайсыбір тәсілдері белгілі бір замана сәттерінде өз билігінен айрылып, жарыспалы жаңа мүмкіндіктермен молығады. Басқаша айтқанда, ежелгі норма әлі өз күшін жоймай тұрып-ақ, жаңа норманың нышандары «сөз жұмсау» қажеттілігіне айнала бастайды. Сөйтіп, тілде жарыспалы сөздер, мәндес тіркестер, әртүрлі нұсқадағы қолданыстар пайда болады. Олардың өміршең, ұтымды түрлері уақыт талабына ілесіп, тіл ағымын бойлап кете береді, ал белсенділік таныта алмағандары бірте-бірте бәсеңсіп, тіл қазынасының бұйығы қорын жасаушы тарихи дүниелерге айналады. Бірақ, кезеңі келгенде олардың қайта серпіліп, қарым-қатынастың өткір де өтімді құрамына айналып кетуі әбден ықтимал [2]. Тілімізде әбден қалыптасып алғанға дейінгі болатын құбылыстарды варианттар немесе жарыспалы қолданыстар дейміз. Мысалы: *риза – разы – ырза, пәни – фәни, балуан – палуан, рахмет – рақмет* т.б. Дер кезінде осы сияқты жарыса қолданатын сөздерді мынау қате, мынау дұрыс деп айта алмаймыз. Мұндай қолданыстар уақыт өте келе бірізденеді. Сонымен қоса қатар қолданыста жүретін дублет сөздер де бар: *ауызашар – ифтар, шүкір – әлхамдуллилаһ, Алла қаласа – иншаллаһ, тамаша, керемет – машаллаһ, жарықмалла – йәрхамукәллаһ* т.б. Әрине, мұнда соңғылары кейінгі діни әсерлердің салдарынан орын алған қолданыстар болып саналады.

Тілдік норма – ауызекі және әдеби тілдің қалыптасқан үлгісі, халықтың бәріне түсінікті, бәрі де қолданатын тілдік амалдардың (сөз қолдану, сөйлем құрау т.б.) жиынтығы. Тілдік норма негізінен әдеби тілдің барысында жүйеге түседі, орнығып сіңісті болады. Тілді нормалау – тіл мәдениетін арттырудың шарасы. Ол тек жазба тілде ғана емес, сөз қолдануда, сөздің айтылуында, грамматиканың сөз тұлғаларын пайдалануда жүзеге асып отырады. Әдеби тілдің сараланып, жазу мәдениетінің белгілі жүйеге түсуі ұзақ жылдар бойы жүріп жатады. Осыған орай, жазба тілдің нормалары тұрақты болады. Әдеби тілде кейде стильдік ауытқу, сөз вариантының жарыса қолданылуы болып тұрады. Оларды әдеби тілдің даму процесіне, тіл заңдылығына үйлесімді етіп, барды таңдап, талғап қолдана жүруі арқылы тиімділерін жалпы халықтық қасиетке ие ету мақсаты көзделеді. Мұның фонетикаға да, орфографияға да, лексикология мен грамматикаға да қатысы бар. Алфавиттің, орфография мен орфоэпияның, терминологияның ресми түрде ретке келтірілуі, оқулықтар мен оқу құралдарын жазу, әр алуан сөздіктер шығару, баспа орнында бірізділікті ұстану тілдік норманы қалыптастыруға көмегін тигізеді.

Тілдік норма әдеби тілдің нормасы арқылы реттеліп отырады. Әдеби тіл нормасы өзгермейтін, сірескен қатаң қағидаларға құрылған жүйеге ғана емес, динамикалық қасиетке ие дағдыға да сүйенеді. Мәселен, тілдік жүйе бойынша *тізгінде, шылбырла, бұзаула, ботала*, т.б. қолданылатын сөздер қатары ара-тұра ауытқуға жол береді. Салыстырыңыз: *ат тұсады* дегенді *ат тұсаулады, қой қоздады* дегенді *қой қозылады* деу тілдік жүйеге кереғар болмағанымен, бірақ дағдыға айналып, дәстүрге енген құбылыс емес. Кейбір сөздерді қолдануда тілдік жүйе мен тілдік дағды қайшы келіп жатады. Қозыла деп қолдану тілдік жүйенің қысымы, әсер-ықпалы екенін байқау қиын емес. Ат ертте дегендегі ерттедіні ерле деп қолдану да соған ұқсас: *«Көкем атты ерледі, ерлеп жүріп терледі»* (Манашыұлы Тұяқбай). Тілдік жүйе бойынша ерле болуға тиіс (салыстырыңыз: *шідер-ле, жыр-ла, түр-ле* («текеметке түр басу», т.б.). Кей жағдайда тілдік жүйе мен тілдік дағды айнымас бірлікте

болса, кейде өзара қайшылықта болып күреске түседі. Тілдік жүйе бойынша ерле болуға тиіс сөздің ертте болуы жүйеге қарағанда дағдының басым түсуінен деп түсіну керек [3].

Академик Р.Сыздықтың пікірінше: «Тілдік норма дегеніміз – көпшіліктің қатынас құралы ретіндегі тілдің қолданысында оның әлдеқайда орныққан, дәстүрлі құралдары, амал-тәсілдері, тәртіптері; норма – тіл-тілдің қайқайсысының да даму (қызмет ету) кезеңдерінің баршасына тән құбылыс. Норма деп тану үшін «әлеуметтік бағалау», яғни сол тілде сөйлейтін қалың жұртшылықтың «дұрыс не дұрыс емес, жағымды, әсем не жағымсыз, орынды не орынсыз» деген танымы, бағасы болуы керек. Нормалылық танымына тұрақтылық (стабильность), дәстүрлілік, көпшілікке біршама ортақтық белгілер де кіреді. Бұлар – тілдегі нормалылықтың әлеуметтік категория ретіндегі белгісі» [4].

Ғалым Н.Уәлидің пікірінше, тіл мәдениеті болуы үшін тілдік норма, этикалық норма және коммуникативтік норма болуы шарт. Ол: «Тілдік қарым-қатынастың белгілі бір жағдаятына қарай, сөз саптау этикасын сақтай отырып, коммуникативтік мақсатқа тиімді түрде жетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндей тілдік құралдарды талғау, саралау, олардың басын қосып, біріктіруде әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормалары негіз болады деп есептейді.

1. Тілдік нормалар: орфоэпиялық норма, орфографиялық норма, лексика-фразеологиялық норма, грамматикалық (сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік) нормалар. Екі немесе одан да көп вариант болғанда, олардың біреуін талғап, таңдап қолдану қажеттілігінен бірнеше варианттың біреуі ғана норма деп танылады: көбі – көбісі емес, туралы – турасында емес, т.б. Кей жағдайда екі немесе үш вариант та норма деп танылады мұны/бұны, келуімен байланысты/келуіне байланысты. Алайда бұлардың ішінде қайсыбіріне артықшылық берілетін нұсқалары болады.

Сөйлеу тілінің әдеби тілдің құрамына кіретін бөлігі болады. Сөйлеу тілінің кодификацияланған нормалардан бөлек, өзіне тән нормасы бар: саған бірдеңелерді ала кеп едім тәрізді қолданыстар жазба тіл мәтіндеріне жат болып есептеледі. Бірақ сөйлеу тілі үшін норма деп танылады. Сондай-ақ Қазақстанның экономикасы тұрақты дамуда десек, сөйлеу тілі мәтініне жат, сөйлеу тілінің нормасы емес.

2. Этикалық норма. Сөз этикасының нормасына а) моральдық принциптерге, мәдени-ұлттық дәстүрге негізделген тілдесу нормалары мен ә) сөз этикетінің нормалары жатады. Сөз этикасы, сөз этикеті белгілі бір жағдаятта (ситуацияда) тілдесудің, сөз саптаудың тәртібіне тән ережелерді сақтауды талап етеді. Сөз мәдениетінің этикалық компоненттері негізінен сөз актісінде, яғни өтіну, сұрау, ризалық білдіру, сәлемдесу, құттықтау, қоштасу, т.б. тәрізді белгілі бір мақсатқа көзден айтылған сөз әрекетінде көрінеді.

Сөз актісі қоғамда қабылданған, лингвистикалық емес факторлармен байланысты ерекше ережелер бойынша жүзеге асады. Сөз актісіне қатысушылардың жасы, жынысы, олардың арасындағы қарым-қатынастың ресми, бейресми түрімен байланысты. Егер сәлеметсіз бе, амансыз ба, аман-есенсіз бе, сау болыңыз, т.б. жағдай таңдамайтын бейтарап реңкте болса, сәлем бердік, хал-ахуал қалай дегендерді, жасы қатарлас коммуникаторлар арасында болмаса, кез келген жағдайда қолдана беруге болмайды. Сондай-ақ кітапты әперіңізші дегенмен кітапқа қол жалғап жіберіңізші деген өтініштің сыпайылық реңкі бірдей емес.

Қоғамда қалыптасқан этикалық норма бойынша, қандай жағдайда болмасын, бейпіл сөз айтуға үзілді-кесілді тыйым салынады. Біреуге дауыс көтеріп айғайлау, зіркілдеу, т.б. жағымсыз реңктегі интонациялық құралдардың қолданылуы сөз мәдениеті үшін теріс әрекеттер деп бағаланады.

3. Коммуникативтік нормалар. Сөз мәдениеті ұғымының коммуникативтік компонентіне қатысты нормаларға ең алдымен тілдің функционалдық ерекшеліктеріне тән нормалар мен қарым-қатынастың прагматикасына тән нормалар жатады. Тілдік нормада коммуникативтік компонент сөз мәдениетін айқындауда ерекше орын алады. Қарым-қатынастың нәтижелі болуы коммуникативтік компонентпен тығыз байланысты» - дейді [3].

Тілдік норманың негізгі сипатын ашуда тілдік жүйе – тілдік норма параллеліне сүйену, әрине, жеткіліксіз, сондықтан профессор Р.Сыздық: «Тілдік жүйе – тілдік норма – узус үшендерін бірлікте ала отырып, «узус» деген ұғымды тілдік жүйеден ауытқып кеткен, бірақ дағдыға айналған құбылыс» деп таниды [4]. Мысалы, мынадай сөздерде тілдік «жүйе» мен «узус» сәйкеспейді: тұса – тұсаула емес, ертте – ерле емес, тізерле – тізеле емес, келтір – келдір емес, қозда – қозыла емес, сөйле – сөзде емес. Тілдік жүйе мен норма сәйкес болса, ерле, тізеле, қозыла болар еді. Бұл жерде жүйеге сәйкес болмаса да, тілдік узус норма деп танылады.

Кез келген тілдің әдебилілігі, сол тілде сойлейтін адамдардың баршасына түсінікті және олардың бір-бірімен ортақ қарым-қатынас құралының ең жоғарғы түрі болуы сол тілдің орныққан жүйелі нормалары негізінде ғана жүзеге асады. Ол нормалар – бір күннің, бір жылдың ғана жемісі емес тілдің даму барысындағы көптеген ғасырлардың жемісі. Тілдің оралымдылығы, әсерлілігі тәжірибеде тілдік материал арқылы көрінеді, сол материалдан белгілі тәсіл арқылы жасалады, міне, сондай тілдік материалдардың және тәсілдердің жиынтығы әдеби тілдің нормасы болып саналады. Екінші сөзбен айтқанда, әдеби тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және стильдік нормалары болуы тиіс. Әдеби тіл деп тарих сүзгісінен өткен, халық қабылдаған, нормаланған, жүйеленген, қоғам мүшелерінің басын біріктірушілік қызметі бар, стильдік тармақтары сараланған тілді айтамыз. Әдеби тіл элементіне ғалымдар тарапынан ұсынылға, я болмаса жалпыхалықтық сипат ала алмаған кез келген сөз жата бермейді. Мәселен, оңтүстік диалектісіндегі «сым» сөзін бір кездері әдеби нормаға енгізейік, яғни қыздың шалбарын «сым» деп атайық деген ұсыныстар да қабылданған болатын. Алайда ол сөз жалпыхалықтық қолданыс таба алмай, жергілікті тіл ерекшелігі шеңберінде қалып қойды. Сондықтан әдеби тілге тән басты қасиет, ауызша болсын, мейлі жазбаша болсын, оның жалпыхалықтық сипат алуында жатыр. Бүгінгі таңда қазақ әдеби тілінің қолданылу аясы өте кең және сөздік қорымыз күннен-күнге толығуда.

Тілдік нормалар қоғам мүддесіне негізделгендіктен, олар жалпы халыққа бірдей түсінікті, тілге жатық, көңілге қонымды болуға тиіс. Қарым-қатынас жасауды қиындататын, түсініксіз не түсінігі қиын тіл фактілерінің бәрі – нормадан тыс нәрселер. Мәселен, *түйені жүндеді деудің орнына түйенің жүнін қырықты ие жүнін жүлды, қиды, жүзікті шынашағына салды деудің орнына жүзікті шынашағына тақты* десе, әрине, бұларды сөздерді орынсыз қолданудан туған стильдік қате дер едік. Не болмаса, біреу орысша-қазақша араластырып, былықтырып сөйлесе, я болмаса бір сөзді *кітап, китип* деп жазу нормасын бұзып, түрліше қате жазса, ол сол кісінің жазу мәдениетінің төмен екенін көрсетеді.

Тілдік норманың бірқатары келісіп пәтуаласу арқылы жасалса, енді бірқатары баспасөз бетінде тіл байлықтарын таңдап-талғау арқылы жасалады. Олай болса, ауызекі тілде бар дүниенің бәрі бірдей тіл қазынасы болып есептелмейді, оның одан тыс жатқандары да болады. Егер соларды білмей, ескермей, әйтеуір ел аузындағының барлығын әлбетте қолдана берсек, ол әдеби тілді байыту болмайды, шұбарлау болады.

Сөздердің айтылуы мен жазылу нормасы екі түрлі болады. Дұрысында *торы ала ат, балаға ұқсап, айта көр* дегендердің осы жобаларындай етіп айту да, *торалат, балағысап, айтагөр* деп айтылуындай етіп жазу да нормаға жатпайды. Оның себебі сөздердің айтылу нормасы мен жазылу нормасы әр уақытта бірдей болмайды. Қазақ тілінің үндестік заңы, ассимиляция, диссимиляция заңы, тағы басқа дыбыс заңдылықтары тіліміздің орфоэпиялық нормасын жасайды. Оны бұзып сөйлеу тілдің дыбыстық заңын бұзу болады. Бұл – бір. Екіншіден, жеке сөздердің, сөз тіркестерінің айтылу дәстүрі бар. Оны елемей, оларды әркім өзінше бұзып не екпінін өзгертіп айтуға болмайды.

Тілдік норма деп тіл фактілерінің әдебиетте сараланып, жалпыға бірдей қолданылып, кең тараған қалпын айтамыз. Осы тұрғыдан алғанда, тілде былай да былай қолданыла беретін дублеттік формалардың қайсысы әдеби, қайсысы әдеби емес екендігін айқындау қиындық туғызады. Мәселен *және – жаңа, гашық – ашық, қазір – кәзір, жиырмасыншы –*

жиырманшы, домалақ – томалақ, қызылша – қылша, жүз – дүз, ырза – риза – разы. Әрине, бұлардың алдыңғылары әдеби тілдік нормалар да, соңғылары ауызекі тілде айтыла жүріп, бара-бара колданудан мүлдем қалып қоюы ықтимал. Немесе бір заттың бірнеше атаумен аталуы, мысалы: *шелек, бақыр, бедре, қылдыбақар; сіріңке, оттық, күкірт, кеуірт, шырпы, стичке т.с.с* жиі кездеседі. Мұның қайсысы әдеби? Бұлардың да біреуін әдеби тілдік етіп, қалғандарын басқа стильдік мағынада қолдану қажет. Жалпы тіл мағыналары жағынан ешбір айырмасы жоқ абсалюттік синоним, дублеттердің қатар жүруін көтермейді.

Қазіргі әдеби тілімізде *ілім – ғылым, уақиға – оқиға, өкімет – үкімет, өкім – үкім, ауа – әуе* сияқты сараланған параллель сөздер бар. Бұлардың бәрі о баста бір мағынада, бірінің орнынан бірі жүре беретін еді, кейін дифференцияланып, қазір әрқайсысы өз алдына жеке мағынаға ие болып кетті [5].

Жазба тілдегі нормаларға қарағанда ауызекі сөйлеу тілі көп өзгеріске түседі. Олай болуы заңды да. Көбіне дыбыстық тұлғалық өзгерістерге ұшырап отырады. Мысалы: *ярмарка – жәрмеңке, ящик – жәшік, қазір – кәз, кәзір, келген – кеген, болып – боп, еді – ед, волостной – болыс, уезд – ояз т.б.* Тіл өзінің дамуы барысында мұндай өзгерістердің кейбірін қабылдап, нормаға айналдырады, кейбірі ауызекі сөйлеу тілінде қолданыла береді. Осыдан тілдің орфографиялық, орфоэпиялық нормалары қалыптасады. Жазба әдеби тіліндегі нормаларды қалыптастыруда әдебиеттің, газет-журналдың, оқу-ағарту саласының қызметі зор.

Әдеби тілдің қарқынды дамыған шағында, жазу, сөйлеу мәдениетінің толысқан шағында оның орфографиялық және орфоэпиялық нормалары жеке-жеке қалыптасады. Ол нормалар тілдің өзіндік ерекшелігіне, жазу дәстүрінің көнелігіне, жазуда қандай принципті негізге алуына байланысты бір-бірінен алшақ немесе жақын бола береді. Қоғамдық өзгерістердің әсерімен тілдің даму барысында қалыптасқан нормалар негізін сақтап, кейбір жекелеген өзгерістерге ғана түсуі мүмкін. Әсіресе, елдің жаппай сауаттанған кезінде жазу дәстүрінің орфоэпиялық нормаға тигізер әсері мол болып келеді. Жазу дәстүрі ертеде қалыптасқан тілдердің орфоэпиялық, орфографиялық нормалары тұрақты болады. Бұдан, әрине, әдеби тіл нормалары ешбір өзгеріске түспейді екен деген ұғым тумасқа керек. Әдеби тілдің нормалары да қоғамдық өмірге, оның өзгерістеріне сай өзгеріп, дамып отырады. Бір кезеңдегі нормалар кейінгі кезеңде норма болмай қалуы, жаңа нормалар қалыптасуы мүмкін. Мысалы, бір дәуірдегі қазақтың әдеби тілінде *болыс, старшын, ояз, әмеңгер, ұрын бару* сияқты сөздер мен сөз тіркестері норма болса, қазір олар күнделікті қолданыстан шығып калды, керісінше, *мандат, дауыс беру, сайлауалды бағдарлама, электронды карта, сандық технология* сияқты қолданыстар нормаға айналды. Тәуелсіздік алғанға дейін орыс тілі мемесе орыс тілі арқылы енген сөздерді бұзбай жазу норма болса, бертін келе қазақ тілінің дамуы барысында сөздерді өзіміздің емле ережемізге сай жазу, дыбыстау нормаға айналуға болады. Бұл тілдің дамуы болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 138 б.
2. <https://kk.wikipedia.org>
3. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984.
4. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, – 2014.
5. Әбілқасымов Б., Мажитаева Ш. Қазақ әдеби тілінің тарихы (ХҮ-XX ғғ.). – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 209 б.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТІЛТАНУҒА ҚАТЫСТЫ ДӘЙЕКТЕМЕЛЕРІ

Ахмет Байтұрсынұлының В.фон Гумбольдтің еңбектерімен таныс болған-болмағаны туралы мәлімет жоқ, алайда неміс ойшылының «*Sprache ist Sinne Volks*» деген тұжырымы мен қазақ ғұламасы А.Байтұрсынұлының «*Сөзі жоғалған елдің өзі де жоғалады*» деген нақылы үндесіп жатыр. Дәлелдейік. Орыстар Гумбольдтің бұл сөзін «Язык – это дух народа» деп аударып, ал қазақтар орыстан аударып «Тіл – халықтың рухы» деп айтып жүр, жазып жүр. Шындығында, немісше-орысша сөздікке, неміс тілінің сөздігіне қарасақ «Sinn» сөзі көп мағыналы екен: орыс тілінде «суть», «смысл», «значение», «сам», «сознание», «разум» дегенді білдіреді екен. Демек, қазақшалағанда «тіл – халықтың жаны, мәні, өзі» болып шығады екен. Енді Гумбольдт пен Байтұрсынұлының пікірін салғастырыңыз...

Біз жоғарыда А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышы» атты еңбегінен (қазіргі тұрғыдан қарасақ, бұл еңбектің жартысынан көп бөлігі тілтану мәселесіне арналған деуге болады) жеке инсанның тілді қолдануындағы психикалық-танымдық әрекеттерді келтірдік. Әдістанымдық тұрғыдан қарап толығырақ тағы бір оқиық:

«Ойындағы, қиялындағы, көңіліндегі нәрсені тілмен айтып жеткізу өте қиын. Сөз өнері жүзінде асқан өнерпаздар мүддесін тілмен айтып жеткізе алмай, сондай қиналғанда, өзгелерге ондай іс онай болып табылар ма? Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген жұмыс әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,

Сонда да ішінде бар таңдамасы.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай баласы? –

деп Абай айтқандай сөз шығаратындар көп, бірақ келістіретіндері аз болады. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгіреді». Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзінше құрастырып, өз онтайымен тізеді. Өз білуінше пікірлейді. Сондықтан әрқайсысының лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады».

Ғалым мұнымен адамның ділдік сипаттарының тіл арқылы көрінетінін меңзесе, енді осы ой-рух иесі инсанның оны жарыққа шығаруындағы даралық пен ортақ жалпылықтың болатынын ескертеді: «... жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-шарқынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек. Мүддесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін, оған өте шеберлік керек екендігін мынадан байқауға болады.

Ол – айырым белгілерін жай айтып түсіндіру қиын, әрқайсысының шығарған сөздерін оқып, әбден танысып, үйреншікті болғанда ғана сезілетін белгі. Шеберлердің қолынан шыққан нәрселермен таныс адам, сол шеберлердің істеген нәрселерін қай жерде көрсе де айтпай таниды. Сол сияқты сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін оқып, лұғатына үйір болғаннан кейін, оның бұрын оқылмаған, аты қойылмаған сөздерін де айтпай тануға болады. Сөздің өзін танытатын белгі – тіл яки лұғат белгісі болады. Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен,